

6 Қозыбаев М.Қ. Жауға шаптым, ту байлап. – Алматы, 1994.

7 Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг.: Сб. докум. и материалов. – Алма-Ата, 1975.

Материал редакцияға түсті: 25.02.2020

МУКАЛИЕВА Б.Х.,

ИСКУССТВО В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Плакаты Второй мировой войны посвящены победным финальным сражениям. Они восхваляют подвиги советских людей за великую жертву, которая спасла человечество от фашистского рабства. Во время войны советские художники выполняли свой патриотический долг, создавая хронику борьбы и побед.

Ключевые слова: Вторая мировая война, война, фронт, история искусства, художники, изображение самопожертвования и героизма.

MUKALIEVA B.H

ART DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR

The posters of World War II are dedicated to the victorious final battles. They praise the exploits of the Soviet people for the great sacrifice that saved mankind from fascist slavery. During the war, Soviet artists fulfilled their patriotic duty, creating a chronicle of struggle and victories.

Key words: World War II, war, front, art history, artists, image of self-sacrifice and heroism.

Оспанұлы, С.

*филология ғылымдарының кандидаты, ақын,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық
университетінің профессоры*

Мырзағалиева, К.М.

*филология ғылымдарының кандидаты,
филология департаментінің
қауымдастырылған профессоры,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

ЫБЫРАЙ, АБАЙ, АХМЕТ ЖӘНЕ АТА ЗАҢ

Түйін

Мақалада қазақтың үш алып тұлғалары Ыбырай, Абай, Ахметтердің Ата заңымызды да, орыс заңын да жақсы білгені, үшеуінің заң жөнінде жазған шығармалардағы ой-пікірлердің бір-бірімен қабысып, үндесіп жатқандығы жайында әңгіме қозғалып, оның негізгі сыры ашылады.

Кілт сөздер: Заң, Ата заң, әділ, әділдік, Уақытша Ереже, уез, би, билік, билеу, әдет-ғұрып, салт-дәстүр.

1 Кіріспе

Ыбырай да, Абай да, Ахмет те халық қамын жеп, ел болып еңсе көтеруін ойлаған. Заңды білмеген адамның еліне қамқорлық жасауы қиын екенін ұғынған. Үшеуінің сөздері мен істерінде ұқсастық көп болуының себебі де осы халық қамын ойлаудан туындап отырғанын аңғарамыз.

Қазақтың осы үш алыбының дүниетанымы, наным-сенімі мен ұлы мақсат бірлігінен туындаған бір-біріне ұқсас пікірлері өте көп. Солардың бірі – заңға, Ата заңдарымызға («Қасымханның қасқа жолы» (16 ғ.), «Есімханның ескі жолы» (17 ғ.), «Жеті жарғы» (18 ғ.), «Қара мола Ережесіне» (1885)) деген көзқарастары.

Абайдың алғыр да әділ би болғаны туралы Мұхтар Әуезов: «Бұл кезге шейін Абай ел жұмысына араласып жүретін шешен, алғыр, әділ би болған. Әділдігі сонша Абайға досынан гөрі дұшпаны көбірек билік айтқызған, – дейді. Ірі дау болғанда патша үкіметі өзі шеше алмай әуре болған. Осындай дау тұсында ел әділетшіл билік иесіне мұқтаж болатын. Сондай би де, елдің пана іздейтіні де Абай еді» [1].

Атасы, би Балғожа Жаңбыршыұлының тәрбиесін көрген, оның үстіне 1850 жылы Орынборда ашылған 7 жылдық мектепте орыс және татар тілдерінде тергеу және іс қағаздарын жүргізуді үйренген («Порядок производства следствий и составление деловых бумаг» деген арнайы сабақ өтілген. – С.О.) Ы. Алтынсарин де Ата заңымызды да, орыс заңын да жақсы білген. Сондықтан да ол төрт рет уездік сот міндетін атқарған.

2 Материалдар мен әдістер

1885 жылы Шар өзені бойындағы Қарамола деген жерде жәрмеңке базарында бес уездің (Кереку, Қарқаралы, Семей, Өскемен, Зайсан) болыс, билері, белгілі бетке ұстар адамдары бас қосқан қыр қазақтарының төтенше съезі өтеді. Қазақтың ұлы ойшылы, данышпан ақыны Абай Құнанбаев сол съезде төбе би болып сайланып, сөз сөйлеп патша өкіметінің заңы қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен тұрмысына үйлеспейтінін дәлелдейді. Сөйтіп үш күн, үш түн қыр елінің жаңа заң жобасын жазып шығады. Бұл кейін «Қарамола Ережесі» деп аталады.

Ыбырай Алтынсарин де «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша ереже туралы. 1868 ж.» деген жазбасында Ережеге қарсылық білдіріп: «жер мәселесін шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді», – деп жазды [2].

Ыбырай 1878 жылдың 14 қаңтарында Торғай қаласында өткен «Жылқыны қуып алу мен ұрлыққа қарсы шаралар туралы Торғай уезінің төтенше билер съезінің қаулысында» да қылмыстық істерді халықтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне негізделген «Қазақтардың халық сотына» сүйеніп шешуді ұсынады.

Қазақ «Ерден кетсе де, елден кетпек жок», «Аға өлсе, іні мұра» деп, ежелден келе жатқан салт бойынша күйеуі қайтыс болған жас әйелді әменгерлік жолмен күйеуінің ағасына, немесе інісіне жесірдің таңдауы бойынша қосқан. Сонда оның балалары туыс-туғаннан бөлінбей, жетімдік көрмей өседі.

Абай дайындаған «Қарамола ережесінің» 47-бабында «Күйеуі өлген жесір әйел сүйсе күйеуінің бір туысқан яки ағайына тиеді, сүймесе ықтияры өзінде» делінсе, «Жеті жарғының» ең соңғы жетінші тармағы түгелдей жесір дауы жайында.

3 Нәтижелер

Ыбырай Алтынсарин «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрінің очеркі» еңбегінде: «Жесір дауы деген зор дау: ол дауға правосына қол сұғылған қазақтың момындығы да, іс қозғауға оның ойының жоқтығы да бөгет бола алмайды. Шет адамның мұндай ретте қол сұғуы жәбірленген адамның бүкіл руына қорлық болып есептеледі, сондықтан бұл іске оның барлық руы жұмылады. Сонымен, қарсы жақтың мұндай зәбір беруден бас тартпауы екі жақтың ру араздығын туғызады. Оның соңы барымтаға не тіпті ашықтан-ашық ұрысқа апарып соқтырады», – деп жазады [3].

«Мұндай жағдайда әйел әменгерлік дәстүр бойынша, өлген күйеуінің туған інісіне тиеді, ал егер оның туған аға-інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне күйеуге шығуы тиіс» деген жолдар, жоғарғыдағы Абай жазған «Қарамола ережесімен» үндес.

«Қарамола Ережесінің» 69-бабында: «Съезге шақырылған барша қызмет иелерінің ұстаған шығындары жұрт үстінен салынады. Сол шығындарды ел арасында старшын жиюшы болады... Кімде-кім тиісті түскен шығынын бермесе, билердің тергеуіне беріледі» деп көрсетілген [4].

Ыбырай «Торғай уездік төтенше билер съезіне қатысушыларды күту үшін кететін шығындар қаулысында» ескіден келе жатқан тәртіп бойынша жергілікті билік өкілдері мен билер жиналғанда жауапкерге жақын байдың үйіне түсіп, қонақжайлылық салтымен ол үй бағып күтетінін, тіпті, не керектің бәрін ақысыз-пұлсыз қамтамасыз етуге тиіс екенін түсіндіре

баяндайды. «Съезге қатысушылары істің бір болуы себепті бір үйге түсіп, орналасуы мүмкін және мүддесі қаралатын тағы басқа кісілер де осы үйге түсіп, өзгелермен теңдей дәрежеде қонақ ретінде күтілуге хақылы», – деп, бұл жеке адамдарға ауыртпалық келтіріп, шығынға батыратынын айтады. Шығынды билердің өздерінен ұстауға да болмайтынын, өйткені, олардың билік еткендері үшін алатын ақылары тым аз екенін ескертіп, сондықтан қалыптасқан әдет-ғұрыпты ескере отырып билерді күтуге кеткен шығынды азаматтық және қылмыстық іс бойынша айыпты деп танылғандардан өндіруді ұсынады [5].

Әділ, құптарлық шешім.

Ыбырай жоғарыда айтып өткеніміздей, «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы 1868 ж.» деген жазбасында Ережеге қарсылық білдірсе, Ахмет Байтұрсынұлы да «Қазақ халқын билеу туралы 1868-ші жылы шыққан уақытша положение» [6] деген мақаласында «Бұл положение бойынша қазақтардың болысқа, ауылға бөлінуі бұрынғы ретте қалып, әлеумет істері мұжықтардікі секілді басқарылатын болды» деп әр болыстың өкілі болып әр ауылнайдан елубасылар (елу үйден бір кісі), әр ауылнайдың өкілі болып әр 10 үйден бір онбасы сайланатынын айтып, елубасы, онбасылардың құқықтарына да тоқталып өтеді. Бұрын қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтатынын, биге дауласушылардың екі жағы да келіп жүгінетінін, бидің билігі әділ саналып, оны ешкімнің бұзбайтынын да халыққа ұғынықты жеткізеді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл айтқандары Ыбырай Алтынсариннің мына пікірімен үндеседі: «Халық арасында ашықтан-ашық паракорлыққа жол берген және сол жағдайларға қазақтың билік басындағыларын да итермелеген елубасы мен онбасылар арқылы қызмет иелерін сайлауға қатысты туып отыр; болыстағы маңдайалды және құрметті қызметтің соңына түскен билікке таласушылар өзінің бар мал-мүлкін бір жібі қалғанша тарту етеді, ал жылы орынға жайғасып алған соң пара алу жолымен жаңағы кеткен шығынның орнын тездетіп толтыруға тырысады. Бұған қоса, әдетте әр сайлаудың нәтижесінде болыстықты бірнеше партияларға бөлген лауазымнан үміткерлер мен олардың жақтастары арасында бітпес өшпенділік туындайды, билік тұтқасын ұстап отырғандардың қысымшылығы күшейеді, әділетсіз шешімдер шығарылады, жәбір көрушілер тарапынан айтылған арыз-шағымдар толастамайды, т.б.

Қазақтар дәл осындай зұлымдықты онбасылар мен елубасылардан да көріп отыр, өйткені, олардың жер дауын қараған кездегі әділетсіз шешімдері қазақ шаруашылығы үшін өмір мен өлімнің салмағына тең мәселелерді туындатады. Сондай-ақ бұл арада жауласушы жақтар бедел таластырады, құпия сауда мен астыртын бәсекелер жүреді, әрине, мұны жарлы-жақабайлардың қалтасы көтере қоймайды».

4 Талқылау

Ұқсастық себебі – екеуі де бір Ереже туралы әңгіме қозғап отыр, тілек-мүдделері бір.

Абай:

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап...

Ахмет: «Сайлау сұмдығы, бүліншілігі осыдан шықты: сайлау үшін ақша төгу, кісі өлтіру – бәрі осыдан пайда болады. Неше түрлі жаманшылық жолмен жеңіп тұрған жағы билердің бәрін өз жағынан сайлап шығарады» [6].

Ыбырай: «Далалық облыстар жөніндегі Уақытта Ережені халықтың салт-дәстүрімен, тұрмыстық жағдайларымен және мұндай істерге қазақтардың көзқарасымен байланыстыра отырып, мұқият түрде қайта қарау қажет...» [2]. – десе, Абай: «Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің

қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есімханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» [7], – деп жөн-жосығын айтады.

Ыбырай: Саны жоқ, сапасы жоқ сапырылысқан он үйге бір би болған келді кезге.

Абай:

Болды да партия,

Ел іші жарылды...

Ахмет: «Егерде закон жалғыз ғана жұрт игілігі үшін шығатын болса, хукімет қазаққа айтар еді: өзіңе пайдалы боларлық закон жобасын өзің жасап, закон шығаратын орынға, яғни Г. Думаға депутаттық арқылы кіргіз деп. Оны істемей, жобаны хукіметтің өзі жасап отыр. Олай ететін себебі... Хукімет өзі жасаған жобасын өз мақсатына қолайлап, өз деген мақсатына сондай жолдармен жетерлік етіп жасайды. Хукімет қолайлаған жоба халыққа да қолайлы болар ма?» [6].

5 Қорытынды

Әрине, үкімет шығарған заң қазақтар үшін өте қолайсыз. Оның астарында отаршылдық мақсат-мүдде жатқанын Ыбырай, Абай, Ахмет те білді. «Ресей империясының отарлау саясатының жолындағы үлкен кедергі – қазақ жерінің тұтастығына негіз болған билердің соттық жүйесі, сондай-ақ көшпенділердің өмір-салтына «халық билігіне», демократия мен әділ сотқа бейім әдет-ғұрып құқығы мен «жарғы» заңдары болды» [4] – деп академик С. Зиманов атап көрсеткендей, олардың көксегені қазақ елінің бірлігін жойып, тілінен, дінінен бездіріп, орыстандыру саясаты болатын. Соны сезген ұлт зиялылары қазақ даласының саяси өміріне Ресей заңдарын енгізуге қарсылық білдіріп, қазақ әдет-ғұрып жүйесін қалдыруды ұсынды.

Ыбырай, Абай, Ахметтердің осы жолдағы айтқан ой-пікірлерінің бір-бірімен астасып, қабысып жатуы – мақсат-мүдделерінің бірлігінен, ел тұтастығын көздеп, халыққа жанашырлықтан туындаған үндестік еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы, 1988. – 138 б.
- 2 Алтынсарин И. Собр. Соч. – Алма-Ата: Наука, 1976. – Т. II. – С. 41.
- 3 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығ. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 1994. – 147 б.
- 4 Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – Т. V. – 195 б.
- 5 Алтынсарин И. Собр. Соч. – Алма-Ата: Наука, 1976. – Т. I. – С. 88.
- 6 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 282 б.
- 7 Құнанбаев А. Екі томдық шығ. толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. II. – 92 б.

Материал редакцияға түсті: 03.03.2020

ОСПАНОВ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М. ИБРАЙ, АБАЙ, АХМЕТ И КОНСТИТУЦИЯ

В статье рассказывается о трех ключевых личностях – Ибрая, Абая и Ахмета, которым был хорошо знаком как основной закон, так и российский, нужно отметить, что в своих произведениях мнения каждого касательно данного закона тесно взаимодействуют друг с другом, а также раскрываются основные их секреты.

Ключевые слова: закон, конституция, справедливость, временное Правило, бий, власть, властвовать, обычаи, традиции.

OSPANOV, S., MYRZAGALIYEVA, K. IBRAI, ABAY, AKHMET AND CONSTITUTION

The article tells about three key personalities – Ibrai, Abay and Akhmet, who were familiar with both the basic law and the Russian one, it should be noted that in their works the opinions of each regarding this law closely interact with each other, and their main secrets are revealed.

Key words: law, constitution, justice, interim Rule, biy, power, dominate, customs, traditions.